Келісім шартыттың 1 қосымшасына сай жұмыстарды аяқтау мерзімі 2018 жылдың тамыз айы болып айқындалған.

«Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Көктұма орта мектебінде» жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарына техникалық бақылау жүргізу қызметіне «УКС» ЖШС-мен 2018 жылғы 05 шілдесінде №297 келісім шарт 4344,5 мың теңгеге жасалған. Келісім шарт бойынша қызметтер 31 қазанына дейін көрсетіледі.

«Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Көктұма орта мектебінде» жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарына авторлық бақылау жүргізу қызметіне «Арх Көксу» ЖШС-мен 2018 жылғы 09 шілдесінде №293 келісім шарт 643,1 мың теңгеге жасалған. Келісім шарт бойынша қызметтер 30 тамызына дейін көрсетіледі.

2018 жылғы 31 тамызындағы қабылдау актісімен жұмыстар аяқталып қабылданып алынған.

**4 тармақ.** Алайда, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдесінгеді №242 «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылыс және құрылыс қызметтері туралы» Заңының 60 – бабы 1 – тармағының талаптары және Қазақстан Республикасының 8.02–09–2002 жылғы құрылыс нормаларының жиынтығының 3 бабы 3.4 тармағының талаптары және Қазақстан Республикасының 8.02–09–2011 жылғы құрылыс нормаларының жиынтығының 4 бабы 4.3 тармағының талаптары сақталмай, мердігер «Үшарал – көркейту» ЖШС–нен жобалау-сметалық құжаттамалармен карастырылған уақытша салынған ғимараттар мен қондырғылардың 15 пайызын құрайтын **367 339 теңге** сомасы жергілікті бюджет есебіне кайтарылмаған, аудит қорытындысымен осы сома жергілікті бюджет есебіне қайтарылуға жататыны ескертілді. *(«Алакөл ауданының білім бөлімі» ММ–нің басшысының орынбасары Б.Сергазинның түсініктемесі, 12.06.2018 жылғы № 269 келісім шарт көшірмесі, құрылыс құнының сметалық есебі (сметный расчет стоимости строительства) көшірмелері тіркелді. 6–қосымша 49–62 бетте*).

*в)* «Алакөл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Арх Көксу» ЖШС–і арасында Алматы облысы Алакөл ауданы Ақтүбек ауылындағы «Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Ақтүбек орта мектебінің» ғимаратына күрделі жөндеу жүргізуге жобалық сметалық құжаттама әзірлеуге 2017 жылдың 11 желтоқсанында 22011,0 мың теңгеге №544 келісім шарт жасалған.

Мемлекеттік сараптама қортындысы 2018 жылғы 14 маусымында № КазЭП-0015/18.

2018 жылдың 12 маусымында «Үшарал–көркейту» ЖШС-мен Алматы облысы Алакөл ауданы Ақтүбек ауылындағы «Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Ақтүбек орта мектебінің» ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге 541695,6 мың теңгеге №270 келісім шарт жасалған. Келісім шартыттың 1 қосымшасына сай жұмыстарды аяқтау мерзімі 2018 жылдың тамыз айы болып айқындалған.

«Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Актүбек орта мектебінде» жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарына техникалық бақылау жүргізу қызметіне «УКС» ЖШС-мен 2018 жылғы 05 шілдесінде №296 келісім шарт 7318,3 мың теңгеге жасалған. Келісім шарт бойынша қызметтер 30 қазанына дейін көрсетіледі.

«Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Актүбек орта мектебінде» жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарына авторлық бақылау жүргізу қызметіне «Арх Көксу» ЖШС-мен 2018 жылғы 05 шілдесінде №294 келісім шарт 1083,3 мың теңгеге жасалған. Келісім шарт бойынша қызметтер 30 тамызына дейін көрсетіледі.

2018 жылғы 31 тамызындағы қабылдау актісімен жұмыстар аяқталып қабылданып алынған.

**<u>5 тармақ.</u>** Алайда, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдесінгеді №242 «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылыс және құрылыс қызметтері туралы» Заңының 60–бабы 1–тармағының талаптары және Қазақстан Республикасының 8.02–09–2002 жылғы құрылыс нормаларының жиынтығының 3 бабы 3.4 тармағының талаптары және Қазақстан Республикасының 8.02–09–2011 жылғы құрылыс нормаларының жиынтығының 4 бабы 4.3 тармағының талаптары сақталмай, мердігер «Үшарал–көркейту» ЖШС–нен жобалау-сметалық құжаттамалармен қарастырылған уақытша салынған ғимараттар мен қондырғылардың 15 пайызын құрайтын **851 375 теңге** сомасы жергілікті бюджет есебіне қайтарылмаған, аудит қорытындысымен осы сома жергілікті бюджет есебіне қайтарылуға жататыны ескертілді. *(«Алакөл ауданының білім бөлімі» ММ–нің басшысының орынбасары Б.Серғазинның түсініктемесі, 12.06.2018 жылғы № 270 келісім шарт көшірмесі, құрылыс құнының сметалық есебі (сметный расчет стоимости строительства) көшірмелері тіркелді. 6–қосымша 63–77 бетте*).

*г)* 2018 жылдың 12 желтоқсанында «Алакөл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «АрхПроект2030» ЖШС–і арасында Алматы облысы Алакөл ауданы Ұшарал қаласындағы «М.Мыңбайұлы атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектебінің» ғимаратына күрделі жөндеу жүргізуге жобалық сметалық құжаттама әзірлеуге 16982,8 мың теңгеге № 563 келісім шарт жасалған.

2018 жылдың 12 желтоқсанында «Алакөл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «АрхПроект2030» ЖШС–і арасында Алматы облысы Алакөл ауданы Көлбай ауылындағы «Көлбай орта мектебінің» ғимаратына күрделі жөндеу жүргізуге жобалық сметалық құжаттама әзірлеуге 24838,1 мың теңгеге № 564 келісім шарт жасалған.

***д) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі.***

2017 жылы 004 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру»

бюджеттік бағдарламасы бойынша 13500,0 мың теңге қаржы жұмсау жоспарланып, 7 келісім шарт жасалып, компьютерлер жинағын сатып алуға 13499,9 мың теңге жұмсалған.

2018 жылы 004 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 13300,0 мың теңге қаржы жұмсау жоспарланып, 4 келісім шарт жасалып, 97 компьютер сатып алуға 13299,9 мың теңге жұмсалған.

Негізгі құралдар, материалдық емес активтер, ұзақ мерзімді активтерді есепке алу, материалдық жауапкершілікке қою үшін өткізіп алу-беру барысында Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 15.06.2010 жылғы №281 «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 20.12.2012 жылғы №562 «Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 22.01.2016 жылғы №70 «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» бұйрығы басшылыққа алынған. Сатып алынған негізгі құралдар мекеменің теңгеріміне алынған, инвентарлық номерлер тағайындалған.

***е) Аудандық (қалалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізуін тексеру.***

007 «Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу» бюджеттік бағдарламасымен 2017 жылы 4060,0 мың теңге қаржы жұмсау қарастырылып, 4059,3 мың теңге шығысталған.

Осы бағдарлама бойынша Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 7 тарауы, 39 бабының 3 тармағы, 46 тармақшасына сай бір көзден сатып алу әдісімен ҰБТ қатысатын оқушыларды тамақтандыру қызметіне «Маханова А.» ЖК-імен 442,8 мың теңгеге 19.06.2017 ж. №243 келісім шарты және «ДжолжановМ.И.» ЖК-імен 267,9 мың теңгеге 19.06.2017 ж. №242 келісім шарты жасалған. ҰБТ қатысатын оқушыларды тасымалдау қызметі бойынша «Жолаушы и К» ЖШС-імен 734,1 мың теңгеге 13.06.2017 ж. №232 келісім шарты және «Ушаральское ПАТП» ЖШС-імен 748,1 мың теңгеге 13.06.2017 ж. №233 келісім шарты жасалған. Және 2017 жылдың 05 маусымындағы «Алакөл ауданы білім бөлімінің» №365–Ө бұйрығының негізінде Жалпы білім беретін оқу орындарының білім алушыларының қорытынды аттестаттауын және мектеп бітіру кешін өткізу қызметтеріне 1826,2 мың теңге қаржы жұмсалған. Осы келісім шарттар негізінде сәйкесінше аталған қызмет көрсеткен ұйымдарға көрсетілген қызметтерінің актілерімен қаржы аударылып берілген.

007 «Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу» бюджеттік бағдарламасымен 2018 жылы

1675,0 мың теңге қаржы жұмсау қарастырылып, жоғарыда көрсетілген қызметтер бойынша 5 келісім шарт жасалып 1675,0 мың теңге шығысталған.

***5.Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру.***

Бухгалтерлік есеп жүргізу мекемеде жалпы 2008 жылдың 4 желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Бюджет Кодексі, «Есеп саясатын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі №444 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу» Ережесіне сәйкес жасалған; Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі басшылыққа алынып, «Парус-КАЗ БЮДЖЕТ» ақпараттық бағдарламасында қанағаттандырарлық есеп жүргізілген. Тоқсандық, жылдық есептер толық жасалып, тиісті қосымшаларымен жоғары уәкілетті орындарға белгіленген уақытында тапсырылған.

Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

***6. Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер.***

Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында өзге сұрақтар туындаған жоқ.

**III. Қорытынды бөлік**

**Мемлекеттік аудит объектісі бойынша жалпы тұжырымдар:**

*Нәтижелілік*- әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттердің іске асырылу деңгейі және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің арақатынасы.

*Іріктеу параметрлері* – 2017–2018 жылдар бойынша ұсынылған бюджеттік өтінім қосымшаларымен бірге – толығымен, іс-сапар құжаттары – толығымен, пайдаланатын алаңдардың, қызметтік автокөлік бойынша құжаттардың түпнұсқалары – әрбір оныншы құжат, жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп – айырысулардың және еңбекақы есептеу және төлеу құжаттарының түпнұсқалары санының көптігіне байланысты әрбір елуінші құжат қаралды, 2017 және 2018 жылдың қаржылық есептілігі толығымен тексерілді. Іріктеліп тексерілген құжаттардан нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкессіздіктер анықталмағандықтан, тәуекел деңгейі жоғарылаған жоқ. Жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп-айырысулардың және еңбекақы есептеу және төлеу құжаттарының іріктеп алғанынан басқалары тексерілмеді.

Аудит бағдарламасында көрсетілген 6 сұрақтың нәтижесі бойынша мемлекеттік аудит объектісінде жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер